



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Қосмекенділер – Amphibia

Отряд: Құйрықсыз қосмекенділер – Anura

Тұқымдасы: Нағыз бақалар – Ranidae

Туысы: Жасыл бақалар – Pelophylax

Түр: Көлбақа - Pelophylax ridibundus

Көлбақа (лат. Pelophylax ridibundus) – құйрықсыздар отряды бақа тұқымдасына жататын түр. Бақалардың ішіндегі ең ірісі, ұзындығы 6-13 см-ге дейін жетеді. Салмағы – 200 грамға дейін жетеді. Қоңырқай, жасыл түсті келеді, үстінде күңгірт дақтары болады. Тістері үстіңгі жақ сүйектерінде ғана бар. Тілінің ұшы бос және екі айырылған. Көбінесе суда тіршілік ететіндіктен артқы аяғының жүзу жарғағы жақсы жетілген. Кейде судан жағалауға қоректену үшін шығады. Қорегін ұзын тілімен аулайды.

Таралуы: Орманды, дала мен шөлейт жердегі су қоймаларында және ағысы жылдам өзендерде мекендейді. Қазақстанда негізгі таралу аймағы Орал–Ырғыз–Торғай су айдыны мен Балқаш – Алакөл аралығы болып саналады.

Биоценозда алатын орны: Көлбақаның итшабақтары биоценозда (энергия тасымалдаушы) үлкен рөл атқарады, еті кейбір елдерде (мысалы, Францияда, Қытайда, т.б.) тағам ретінде пайдаланылады.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Бауырымен жорғалаушылар-Reptilia

Отряд: Кесірткелер -Sauria

Тұқымдасы: Нағыз кесірткелер тұқымдасы -
Lacertidae

Туысы: Кесірттер -Eremias

Түр: Үлкен көз кесіртке –Eremias multiocellata

Үлкен көз кесіртке (лат. *Eremias multiocellata*) — бауырымен жорғалаушылар класы, нағыз кесірткелер тұқымдасына жататын түр. Таулы аймақтарда (биікт. 1500 — 3000 м), жусанды-бетегелі алқаптарда, өзен бойларында, кейде құрғақ аңғарларда, сатыланып қалған шатқалдар мен қиыршық тасты жерлерде тіршілік етеді. Дене тұрқы 6,5 см, төм. мұрын қалқаны әдеттегідей жағына жақын орналаспаған. Негізгі қорегі: құмырсқалар, қоңыздар, қандалалар, сондай-ақ, тікқанаттыларды, теңқанаттыларды, көбелектер мен өрмекшілерді де жейді.. Дене ұзындығы 4,8 см-ге жеткенде, жыныстық жағынан жетіледі.

Таралуы: Қазақстанда шашыранды түрде таралған, Нарынқол және Кіші Көкпек өзендері маңынан бірнешеуі ұсталды. Үлкен көз кесіртке Зайсан ойпаты мен Күнгей Алатауын мекендейді.

Биоценозда алатын орны: Үлкен көз кесіртке — өте сирек кездесетін түр, саны аз, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Топ: Сүйекті балықтар – Osteichthyes

Класс: Сәулеқанаттылар – Actinopterygii

Отряд: Алабұғатәрізділер – Perciformes

Тұқымдасы: Алабұғалар – Percidae

Туысы: Алабұға – Perca

Түр: Балқаш Алабұғасы -Perca schrenkii

Балқаш алабұғасы (лат. *Perca schrenkii*) – Балқаш-Алакөл су қоймасының эндемигі, өсімдігі мол өзендер мен көлдерде тіршілік етеді. Уылдырық шашу үшін Балқаштан Ілеге шығады. Бұл – кішілеу, ұзындығы 0,5 м, салмағы 1,5 кг, тікенекті жүзу қанаты бар, төменгі жағы алға шығыңқы балық. Ұсақ және талма балықтармен, кейде өз ұрпақтарымен де қоректенеді. 1961 жылға дейін Балқашта жылына 2300 тонна алабұға аулайтын, бірақ оның саны күрт азайып, қазір Қазақстан Қызыл кітабына және Халықаралық Қызыл кітапқа енгізіліп отыр. Санының азаюын, ғалымдар басқа жаңа жыртқыш балықтарды (көксерке, жайын, ақмарқа) кеңінен жерсіндіру әсері және судың гидрологиялық құрамының бұзылуына байланысты дейді. Біздің суаттарымызда Балқаш алабұғасынан басқа кәдімгі алабұға да тіршілік етеді.

Таралуы: Іле алабындағы Күрті, Сазталғар бөгені мен Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы Басқан өзенінің төменгі сағасында ғана кездеседі.

Биоценозда қолданылуы: Кәсіптік маңызы зор. Балқаш алабұғасы — жойылып бара жатқан эндемик түр ретінде ұлттық Қызыл кітапқа енгізілген.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Құстар – Aves

Отряд: Торғайтәрізділер -Passeriformes

Тұқымдасы:Қарғалар тұқымдасы-Corvidae

Туысы: Қарға– Corvus

Түр: Ала қарға -Corvus cornix

Ала қарға (лат. *Corvus cornix*) – торғайтәрізділер отрядының қарға тұқымдасына жататын құс. Қазақстанда кең тараған. Дене тұрқы 47 – 50 см, салмағы 0,6 кг-дай. Ала қарғаның басы, қанаты, құйрығы қара, ал арқасы мен бауыры сұрғылт, тұмсығы үшкір, тырнақтары өткір. Орман шетіндегі, өзен бойындағы тоғайларға, бақтарда, кейде дара өскен ағаш басына ұя салады. Мекиені 4 – 7 қызыл қоңыр, секпілді көгілдір жұмыртқаны 19 күн басады. Балапандарын кезектесіп 35 күндей ұяда негізінде жәндіктермен асырайды. Тамызда балапандары ұядан ұшады. Ересегі қорек талғамайды. Қазан айында Тянь-Шань тауының етегіне қыстауға ұшып кетеді. Ала қарға пайдалы құстардың жұмыртқасын зақымдап зиян келтіреді.

Таралуы: Барлық аймақта кездеседі

Биоценозда алатын орны: Ала қарға пайдалы құстардың жұмыртқасын зақымдап зиян келтіреді. Барлық ұсақ қанаттыларға төнген қатер, ал көлдерде суда жүзетін құстардың ұяларына үлкен нұқсан келтіреді.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Сүтқоректілер-Mammalia

Отряд: Жыртқыштар –Carnivora

Тұқымдасы: Сусарлар- Mustelidae

Туысы: Күзен-Mustela

Түр: Аққалақ - Mustela nivalis

Аққалақ (лат. *Mustela nivalis*) – сусарлар тұқымдасының сусарлар туысына жататын жыртқыш сүтқоректі аң. Аққалақты кейде ақ қия немесе ақ құлақ деп те атайды. Дене ұзындығы 11 ден 26 см дейін, құйрығы 1,3—4 см, салмағы 43-250 г келеді. Денесі жіңішке, икемді. Жазда түсі күңгірт—жирен, (денесінің астыңғы жағы ақ), қыста, ақ. Солтүстік Америкамен Еуразияда таралған; ТМД—да барлық аймақтарда кездеседі. Өртүрлі табиғи жағдайларда тіршілік етеді. Жыртқыш, ұсақ кемірушілермен қоректенеді. 3—10—ға дейін, негізінде 4—7 күшігі болады. Кәсіпшілік маңызы шамалы.

Таралуы: Қазақстанның орман-тоғайларында, өзен-көл жағаларында, сай-салаларында, тау алқаптарында, шөл-шөлейтті жерлерінде кездеседі.

Биоценозда алатын орны: Аққалақ - пайдалы аң. Оның әрбіреуі жылына ауыл және орман шаруашылықтарына орасан зор зиян келтіретін 2,5-3 мыңдай ұсақ кеміргіштерді құртады